



D. Serikbayev

**EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY**

Саясат

ТДМ №12

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ



МАЗМҰНЫ

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
1.1 Мақсат	3
2 НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР	3
3 САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	3
3.1 Қағазды аз пайдалану бойынша бағдарлама	3
3.2 Қалдықтарды қайта өңдеуге арналған мини-желілер	4
3.3 Пластикті пайдалану көлемін азайту бағдарламасы	4
3.4 Органикалық қалдықтарды қайта өңдеу бағдарламасы	4
3.5 Қауіпті қалдықтарды басқару бағдарламасы	4
4 КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	4
4.1 Экологиялық нәтижелер	4
4.2 Білім беру бойынша нәтижелер	5
4.3 Экономикалық нәтижелер	5
4.4 Әлеуметтік нәтижелер	5

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Мақсат



Бұл саясат БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының №12 бағыты – «Жауапты тұтыну және өндіру» мақсатын жүзеге асыру шеңберінде ВКТУ-дың негізгі стратегиялық мақсаттары мен басым бағыттарын айқындайды.

Құжат Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға көшу» стратегиясына, 2030 жылға дейінгі қалдықтарды басқару тұжырымдамасына және университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметіне енгізіліп жатқан тұрақты даму қағидаттарына сәйкес келеді.

Бұл саясатта ШҚТУ табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қалдықтарды азайту, экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту және студенттер мен қызметкерлердің экологиялық мәдениетін арттыру жөніндегі міндеттемелерін нақтылайды. Сондай-ақ, университет жауапты тұтыну қағидаттарын ілгерілету үшін мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен серіктестікті нығайтуға ұмтылады.

2. НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР

- Ұтымдылық — артық тұтынуды азайту және барлық ресурстарды тиімді пайдалану.
- Қайта жаңартылу — табиғи потенциалды сарқпайтын материалдар мен энергия көздеріне көшу.
- Циклдық қағидат — заттарды қайта пайдалану және өңдеу арқылы «тұрақты цикл» қағидаттарын енгізу.
- Жауапкершілік — университет қауымдастығының әр мүшесінің қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға саналы қатысуы.
- Инновациялылық — тұрақты өндіріс пен тұтыну үшін ғылыми және инженерлік шешімдерді дамыту.

3. САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

3.1 Қағазды аз пайдалану бойынша бағдарлама

ШҚТУ цифрландыру саясатын және қағаз құжаттарды азайту шараларын енгізді: онлайн платформалары қолданылады. Ішкі құжаттар үшін екі жақты басып шығару режимі пайдаланылады, бұл қағаз шығынын және онымен байланысты CO₂ шығарындыларын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

3.2 Қалдықтарды қайта өңдеуге арналған мини-желілер


Университет аумағында қағаз, пластик және электрондық қалдықтарды қайта өңдейтін шағын желілер жұмыс істейді. Қалдықтарды бөлек жинау және оларды арнайы компанияларға тапсыру жүйесі енгізілген.

3.3 Пластикті пайдалану көлемін азайту бағдарламасы

Асханаларда бір реттік ыдыстан толық бас тартылып, тек көп рет қолдануға болатын ыдыс қолданылады. Кампус аумағында таза ауыз суға тегін қолжетімділік қамтамасыз етілген, бұл пластикалық бөтелкелерді пайдаланудан толық бас тартуға мүмкіндік береді.

3.4 Органикалық қалдықтарды қайта өңдеу бағдарламасы

Университеттің органикалық қалдықтарын қайта өңдеудің ең қарапайым және үнемді тәсілі – вермикультуралық компосттау болып табылады. Шеберханалардағы үгінділер, шөп шабылған қалдықтар, жапырақтар және тағам қалдықтары компосттау процесінде қолданылады, ал алынған компост әр жыл сайын негізгі кампустың көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына пайдаланылады.



3.5 Қауіпті қалдықтарды басқару бағдарламасы

Лабораториялардағы сынап шамдар, батареялар және химиялық реагенттер лицензиясы бар ұйымдарға кәдеге жаратуға беріледі, бұл ұлы заттармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді.

4. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

4.1 Экологиялық нәтижелер

Қалдық көлемін азайту – 2030 жылға қарай жерге тасталатын қалдықтарды кем дегенде 40% қысқарту жоспарлануда.

Қайта өңдеуді арттыру – қайта өңделетін қалдықтар үлесін (қағаз, пластик, органикалық заттар, электроника) жалпы көлемнің 70%-ына жеткізу.

Көміртек ізін азайту – жергілікті қайта өңдеу және бір реттік материалдардан бас тарту арқылы CO₂ шығарындыларын 10–15% азайту күтіледі.

Аумақты жасылдандыру – жыл сайын өндірілген компостты пайдалану топырақтың биологиялық белсенділігін арттырып, кампустың жасыл аймақтарын көбейтеді.

4.2 Білім беру бойынша нәтижелер

Студенттер мен қызметкерлердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру қалдықтарды бөлек жинау, қайта өңдеу және экологиялық жобаларға белсенді қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Оқу курстары мен студенттік стартаптар шеңберінде айналмалы экономика және ұтымды тұтыну салаларындағы білім деңгейін арттыру көзделеді.

Сонымен қатар, студенттерді қалдықтарды қайта өңдеу мен энергия тиімділігі тақырыптарындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

4.3 Экономикалық нәтижелер

Ішкі қайта өңдеу есебінен қалдықтарды шығару мен кәдеге жаратуға жұмсалатын шығындарды азайту.

Ресурстарды екінші рет пайдалану – қайта өңделген материалдарды оқу және шаруашылық мақсаттарда қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Коммерцияландыру әлеуеті бар қайта өңдеу және экотехнологиялар саласындағы студенттік стартаптарды құру.

4.4 Әлеуметтік нәтижелер

Барлық білім алушылар мен қызметкерлер үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру арқылы «жасыл кампус» тұжырымдамасын енгізу.

Тұрақты даму мен жауапты тұтыну қағидаттарын енгізу бағытында ШҚТУ-нің ұлттық деңгейдегі көшбасшы жоғары оқу орны ретіндегі имиджін арттыру.

Экология саласында мемлекеттік құрылымдармен, бизнес өкілдерімен және үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік байланыстарды кеңейту.